Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш жаршысы

№47 (9830)
14 маусым, сейсенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

ҚҰРМЕТ

# Жұмыла көтерген жүк жеңіл

**Ел Президентінің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі қуатты ұсынысынан соң ел ішінде ауқымды жұмыстар басталды. Ең алғашқы ел игілігі үшін қолға алынған жұмыс – Конституциялық реформа. Жер-жерде өткен түсіндірме жұмыстарының, құрылған жұмысшы топтың насихатының нәтижесімен референдумды оң көзқараспен қабылдадық. Қазақстандықтар бұл реформаның болашағымыз үшін не беретінін, қандай жетістіктердің бастауы болатынын және үлкен өзгерістердің алғашқы баспалдағы екенін әу бастан-ақ түсінді. Енді міне, сол игі істерді жасайтын, ел үшін «Жаңа Қазақстанды» құрудың уақыты келді.**

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, 5 маусым күні жалпыхалықтық референдумды да өткіздік. Ешқандай анау айтарлықтай заңсыздық, қарсылық бола қоймаған секілді. Халықтың басым бөлігі жаңашылдықты қолдайтынын білдірді. Бұл дегеніңіз «Конституциялық реформаның» аясында не өзгеретінін қазақстандықтар жіті түсінді деген сөз. Ал бұл ретте референдумның маңызы жөнінде насихат жұмыстарын жүргізгендердің еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Осының ізімен жуырда ғана аудан әкімінің орынбасары Ж.Еспенбеттің төрағалығымен 2022 жылғы 5 маусым күні өткен референдумға байланысты мәжіліс өтті. Онда жалпыхалықтық референдумды өткізу мен ұйымдастыруға белсенді атсалысқан азаматтарды құрметтеп, аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

– Өздеріңізге белгілі наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында дамудың жаңа бағдарламасын, саяси реформалардың 10 бағытын нақтылап берген болатын. Ел жаңғыруының бастамасы ретінде 5 маусым күні елімізде Ата Заңымыз Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша референдум өткізілді. Мұның маңызы зор екенін түсінгендіктен отандастарымыз қолдау білдірді. Сондықтан барлығымыз үшін жасалған әрбір оң қадамға қолдау білдіру, бірліктің үлгісін көрсету ел болашағын жарқын ететін келелі істерге бастайтыны анық, – деді Жасұлан Ерданұлы.

Сонымен қатар аудан әкімінің орынбасары Ж.Ерданұлы жиынға қатысушыларды «Жаңа Қазақстанды» бірге құру жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, халық алдында қызмет жасауға шақырды.

Жалпы кешегі өткен науқан, яғни жалпыхалықтық референдум көптеген заңның кемшін тұстарын түзетіп, жүйені өзгертетін болады. Енді мемлекет алдын ала сараланып, бағыты айқындалған бұл реформадан соң суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне өту, биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу, Парламенттің рөлі мен мәртебесінің өзгеруі, халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту, азаматтардың құқын қорғау тетіктерін күшейту мәселелерін қолға алатын болады. Сонымен бірге елдегі жаңаша форматпен өткізіліп жатқан сайлау жүйесіндегі жаңашылдық та өте тиімді деп ойлаймыз. Ал Конституциялық реформа аудандық, қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныстіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашары анық.

Жалпы бұған дейін айтқанымыздай, реформа бес бағыт бойынша жүзеге аспақ. Бірінші бағыт суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне өту болып табылады. Бұл қалай жүзеге асады дегенге келетін болсақ, біріншіден Президент өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру кезінде ешқандай саяси партияға мүше бола алмайды. Сондай-ақ Конституциялық соттың, Жоғарғы соттың және өзге де соттың судьялары мен төрағаларына, орталық сайлау жүйесінің және аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады.

Айта кетейік, бұл түзетудің мақсаты – саяси бәсекелестікті арттыру және барлық саяси партияларды дамытуға бірдей жағдай жасау. Бұл бағыт бойынша енгізілетін тағы бір өзгеріс Президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметте, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылығында жұмыс істей алмайды.

Конституциялық реформаның екінші бағытында биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу қарастырылады. Бұл дегеніңіз Сенаттағы Президент квотасының саны 15-тен 10 депутатқа дейін азаяды. Оның 5-еуін Қазақстан Халқы Ассамблеясы ұсынады. Екіншіден Президент Конституциялық Кеңестің және Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағалары лауазымына ұсынылатын кандидаттарды Сенатпен келіседі. Бұл бағыттың аясында жүзеге асатын тағы бір ауқымды жұмыс Конституциялық Соттың құрылуы болмақ.

Ал үшінші бағыттағы жұмыстардың ауқымы Парламенттің мәртебесін күшейтіп, рөлін арттыруға байланысты жүзеге асады. Халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту тұрғысында да бірқатар жұмыстар атқарылады. Ең бастысы жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі болады. Бесінші бағыт азаматтардың құқын қорғау тетіктерін күшейту мәселелері аясында жүзеге аспақ. Мұнда Конституциялық Соттың рөлі зор болады. Яғни Конституциялық Сот нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайды. Ең маңызды өзгеріс өлім жазасына тыйым салынады.

Қарап отырсақ, мұның бәрі Жаңа Қазақстанды құру жолындағы алғашқы баспалдақтар екені мәлім. Сондықтан ел болашағынан үміт күтіп, кешегі реформалау жұмыстарында белсенділік танытқанымыз дұрыс деп білемін. Ел болашағының жарқын болуы да бірліктің сақталуында жатыр.

**Нұр НАУАН**

# Сенбілік – тазалық таразысы

**Өткен аптаның соңында бөлімдер мен мекеме қызметкерлері жаппай біркүндік тазалық іс-шарасына қатысып, белсенді жұмыс істеді. Кент ішіндегі көшелер және Дәуімбай елді мекенінің ортасымен өтетін «Жеңістің 50 жылдығы» деп аталатын ұзын көшенің бойында, кенттің батыс жағындағы теміржол өткелінің маңайына тазалық жұмыстары қарқынды жүрді.**

**Қуат АХЕТОВ**

Бұл жолы әр жерде топ болып ретсіз өскен жыңғыл мен шеңгел және жолдың екі қапталына қаулай шыққан жантақ шабылды. Әсіресе Жеңістің 50 жылдығы мен Ы.Алтынсарин көшесі, Ы.Алтынсарин тұйығының қиылысатын тұстарындағы жыңғылдар ит тұмсығы батпайтын қалың тоғайға айналған және сол маңда тұратын ата-аналар кішкентай балалары үшін қатты алаңдайтын.

Ойын баласы ата-ананың көзі тайса, ауладан шығып, ұзап кететіні белгілі. Ит қорыған жерге өш. Бала да тыйым салған жерді қызық көріп, барғысы келіп тұрады.

Бетін аулақ қылсын, қазірде түн мезгілі былай тұрсын, күндіздің өзінде кішкентай балаларды бір сәт көзден таса қылуға қорқатын жағдайға жеттік. Оған топ-тобымен жүретін иесіз қаңғыбас иттердің көбейгенін қосыңыз және олар жаздың ыстық мезгілдерінде әлгіндей қалыңның арасын паналайды.

Жаман айтпай жақсы жоқ, ойнап жүрген бүлдіршіндерге сол бұралқы аш иттердің тісі тиіп кетпесіне кім кепіл? Бір аптаның ішінде еліміздің әр аймағында бірнеше баланы қаңғыбас иттердің талағанын біліп отырмыз.

Кеше ғана Ақтөбеде орын алған сұмдық жағдайдан соң қаңғыбас иттерге деген қауіпсіздік шараларын күшейтіп, алдын алмаса, зардабы ауыр болуы әбден мүмкін екеніне көзіміз жетті. Сондықтан көше тұрғындары тұтаса өскен қалың жыңғылдардың арнайы техниканың көмегімен жым-жылас етіп алынып, орыны ашылғанын қуана құптады.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов жиындарда жеті мыңға жуық халқы бар Дәуімбай елді мекеніне көңіл бөлу керектігін айтып келе жатыр. Өткен сенбілікте жүргізілген қарқынды тазалық жұмыстарын соның бастамасы десе болады.

Мәселен, бұрын «тесік көпірден» Дәуімбай елді мекеніне жаяу өткен жүргіншілерге көшенің жиегімен жүруге тура келетін. Әрине ол жаяу адам үшін де, көлік қозғалысы үшін де өте қауіпті. Соны ескерген аудан басшысы биыл Жеңістің 50 жылдығы көшесінің басынан аяғына дейін тротуар түсетінін айтты.

Бұл да тұрғындардың көкейінде жүрген өзекті мәселе еді. Одан бөлек Дәуімбай елді мекеніне екі спорт алаңы салынатыны да темір жолдың оңтүстік бетіндегі халықты қуантып отыр. Сонымен бірге таяу арада дәуімбайлықтар үшін емхана мәселесі де шешімін табатын болды. Ал бірнеше жылдан бері айтылып та, жазылып та келе жатқанымен, оң шешімін таппаған, аралықтағы қатынасты реттеп, жаяу жүргіншілерге қызмет көрсететін аспалы көпірдің құрылысы биыл басталатыны жаяу жүргіншілерді ғана емес, автокөлік жүргізушілерін де қуантты. Өйткені бір жүк көлігі әрең сыятын «тесік көпірдің» маңында жаяу жүргіншілердің, әсіресе жол ережесіне бағынбай қозғалыстағы көлікпен қабаттаса жүгіріп өтетін балалардың қатысуымен бірнеше мәрте апатты оқиғалар орын алды.

Бұл бүгінде әжептәуір мәселеге айналып отыр. Ал аспалы көпір салынып, пайдалануға берілсе, сол мәселенің нүктесі қойылғалы тұр.

Сонымен өткен сенбілікке, яғни жаппай тазалық іс-шарасына аудан бойынша 20 бөлім мен мекеменің қызметкерлері қатысып, тазалық жұмыстарына қажетті техникалар жұмылдырылды. Жиырма тоннадан аса құраған бұталар мен өсімдіктер шабылып, күл-қоқыстар шығарылды.

БӘРЕКЕЛДІ!

# Әлем чемпионатына жолдама алды

**Бұл – қазақстандық жанкүйерлер үшін жағымды жаңалық. Расында соңғы жылдары елімізде бұл салада үлкен серпін барын байқап келеміз. Енді «Қазақстан бірінші рет «Fifa Nations Series – 2022» әлем чемпионатына жолдама алды» деген жаңалықты естіп, тағы бір мәрте қуанып отырған жайымыз бар.**

Ақназар Бексейітов (Қарағанды) пен Олжас Есентаев (Жезқазған) ойнайтын ұлттық құрама FIFA-ның ең жақын сервері БАӘ-де орналасқандықтан, Дубайға барып, іріктеу додасынан өтіп қайтқан.

Қазақстандықтар іріктеудің екі кезеңінен өтіп, 2022 жылғы әлем чемпионатына жолдама алған үздік үш команданың қатарына енді. Іріктеуде команда құрамында 2018 жылғы әлем чемпионы және FIFA нұсқасы бойынша жылдың екі дүркін жеңімпаз ойыншысы ойнайтын Сауд Арабиясының командасын жеңді.

Финал 27-30 шілде аралығында Копенгагенде өтеді. Онда 24 команда ойнайды. 2022 жылғы әлем чемпионатының жүлде қоры – 400 мың доллар.

Айта кетейік, «Fifa Nations Series – 2022-EA SPORTS» 2v2 форматындағы FIFA 22 – футбол тренажері бойынша халықаралық спорттық турнир. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен Футбол қауымдастықтарының құрама командалары қатысады. Fifa Nations Series FIFA – халықаралық футбол федерациясының ресми турнирі. Ол 2019 жылдан бері жыл сайын өтіп келеді.

**Аружан МЫҢБАЙ,**
**Қорқыт ата атындағы**
**Қызылорда университетінің**
**3 курс студенті**

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

# Қоржынға қола салды

**Мексиканың Леон қаласында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына екінші медаль түсті. Қазақстан ауыр атлетикасы федерациясының мәліметіне сүйенсек, Ерасыл Омаров 55 келіге дейінгі салмақта үшінші орынға ие болып, қоржынға қола салды.**

Ерасыл қоссайыс қорытындысында 224 килограмм (100+124) жинады. Бұл салмақта үндістандық Гурунаиду Санапатхи (104+126) әлем чемпионы атанса, Сауд Арабиясының өкілі Калитит Али Маджит (105+124) күміс медальді олжалады.

Еске сала кетейік, бұған дейін ауыр атлетикадан әлем чемпионатында қазақстандық Александра Беленко үздік үштікке ілінген еді. Бұл – ел қоржынына түскен екінші медаль.

**Аружан МЫҢБАЙ,**
**Қорқыт ата атындағы**
**Қызылорда университетінің**
**3 курс студенті**

БАСПАСӨЗ – 2022

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2022 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде

АБЫРОЙ

# Талай дертке дауа тапқан

**Дәурен бір сәт зеңгір көкке зер салды. Көк аспанда жүзген ақ бұлттар қандай керемет десеңші. Ақ дегеннен шығады ау, адамның жаны да, тәні де ауырмасын. Дертпен күресетін дәрігерлер халаттарының да сол үлбіреген ақ бұлттай ақ шаңқанын айтсаңызшы. Сол сәт көз алдына ақ желеңді абзал жандар елестеп кетті. Демек ол тектен тек емес. Жүрек дір етті. Шынында жүрек сезімтал. Ол бекерден бекер белгі бермейді. Мамандықтың жаманы жоқ. Бірақ дәрігердің жөні бөлек.**

Ол – адам жанының арашашысы. Сондықтан антқа адалдықты талап ететін жауабы мен сауабы мол сала. Сол сәт көз алдына ауылдағы дәрігер Бектұрған ағасының бейнесі тұра қалды. «Бәсе» деді іштей, қанаттанып кетті. Менің қалауым – дәрігер мамандығы. Ауылдың тайлы-тұяғы қалмай Бектұрған дәрігерді құрметтеп, құрақ ұшады. Себебі ол өте сабырлы, салы суға кетіп ауырған жанның дертіне дауа тауып, лезде сергітіп, бәз-баяғы қалпына келтіргенше тыным таппайды.

«Білікті дәрігердің жолымен мен де дәрігерлікті таңдадым» деп іштей бір шешімге келді жас жігіт. Әрине өте ауыр жұмыс. Себебі соңғы үмітін өзіңнен күтіп, жәудіреген жанары жасқа толып, ажалмен арпалысқан адамды өлімнен құтқарып, қайта оған жарық сәуле сыйлау қандай бақыт десеңізші?! Соған керісінше, дәрігердің жанын жегідей жеп, күн-түн демей уайымға батыратын күндерді науқаспен өткізген әр сәттің көп тауқыметі бар.

Ол – дәрігердің өзіне ғана аян құпия ішкі сыры, жан күйзелісі. Десе де Дәуреннің мықтылығы – өзегін өртеп тұрған ішкі күйзелісін науқасқа сездірмей, үнемі жанарында жарқыраған от тұратыны. Қандай қиындық болса да, қасқайып қарсы тұруға бекінген қайсарлығы мен өжеттігі жемісін беріп келеді.

Сырдария ауданына қарасты Ақжарма ауылында 1991 жылы дүниеге келген біздің кейіпкеріміз Дәурен Сүйіндіков ауылдағы №130 Абай атындағы орта мектепті 2009 жылы бітірген бойда Астанадағы медициналық университеттің хирургия бөліміне оқуға түседі. 2016 жылы хирург мамандығын алып шығып, Жалағаш аудандық аурухана сына жолдамамен келіп, жұмысқа орналасады. Әкесі Жаңаберген Сүйіндік, анасы Ұлбала Нұрғалиқызы ұлдарының дәрігер болуын құптап, ақ батасын береді. Осылайша ата-ананың, халықтың батасымен жемісті еңбек етіп жатқан дәрігердің мамандыққа деген адалдығы, жұмысына деген жауаптылығы оны үнемі шыңдарға көтеріп, қанаттандырып келеді.

Бүгін де кезекті ота. Түнгі сағат 3-те телефоны безектей жөнелді. Түн баласы ұйықтамай, сергек жатуды әдетке айналдырғанына да алты жыл өтіпті. Тұтқаны көтергені сол еді. «Дәурен тезірек жет. 9 жасар қыз соқырішекпен түсті. Дәл қазір шұғыл ота жасау керек» деді тұтқаның әр жағынан. Әріптесінің бірі екені айдан анық.

Негізінен мұндай шақыртулар уақыт таңдамайды, бір жағынан кейіпкеріміз үшін қалыпты жағдайға айналғаны әлдеқашан. «Біздікі құс ұйқы ғой» деп күлімсіреді дәрігер бізбен әңгімесінде. Біз дәрігермен әңгімелесудің сәтін бірнеше күн күтіп, әрең дегенде кезекті отадан шыққанда орайын таптық.

– Апа, өзіңіз көріп отырғандай, менде бос уақыт жоқ десе де болады. Бүгіннің өзінде 3 ота жасадым. Қауіпті кездер де болады. Аллаға сыйынып, дереу іске кірісеміз. Бізде кейін жасаймын, ертең деген жоқ. Хирург болу үшін бірінші жүректілік, біліктілік, ептілік, төзімділік керек. Өзімнің қалаған мамандығым болған соң қандай қиындық болса да төзіп, тәжірибе жинап келемін. Алғашқы жұмысқа тұрған жылдары мен көп жұмыстың құпиясын хирург, білікті дәрігер Мұрат Оспановтан үйрендім. Ол кісі мені өзімен бірге бірнеше оталарға алып барып, білім мен білігімді шыңдады. Қазір жоспарлы, шұғыл оталарды жасаймын.

Өмір болған соң әртүрлі жағдайлар кездеседі. Кейбіреулер, көбінде балалар байқамай тиын, қыл, шеге тағы басқа заттарды жұтып қояды. Ота жасауда қазіргі заманауи технологияның бірі эндоскопияны пайдаланамыз. Асқазан жарасын емдеп, өттегі тасты лазермен аламыз. Әйтеуір айта берсек, аурудың түрі көп қой. Хирург болған соң кез келген ота қолымыздан өтеді. Адамның өмірі болған соң одан мүлт кетуге болмайды. Аса сақтық керек. Басқа мамандық иелері қателессе, оған кешіріммен қарауға болады. Ал адамды ажалдан арашалайтын дәрігер, әсіресе хирург қателессе, өте өкінішті. Сондықтан көп ізденіп, алған біліміміздің ғаламтормен ұштастырып, біліміміздің курстарда жетілдіріп, жаңалықтарды жіті бақылап отырамыз.

Медициналық жаңа құрылғылармен жұмыс жасауды да жетілдіріп келемін. Ең бастысы, саған сенген науқастың үмітін өшірмеу, қолда бар мүмкіндікпен оған көмектесу. Отбасыма оралғанда кішкене өзіме рухани жағынан нәр беру үшін, көңіл толқынын тербеу үшін домбырамен күй тартамын. Сол кезде рухани қуатым артып, жүйкем тыныштанады. Қазақтың күйі деген керемет, жан дүниеңді жадыратады ғой. Менің арпалысқан ішкі әлемімнің дәруі – күй құдыреті, – дейді дәрігер ағынан жарылып.

Иә, Дәуреннің жан жары Арайлым Мұстафа да терапевт дәрігер. Ақ халатты арманына балаған жұптар Диас атты перзентті тәрбиелеп отыр. Дәурен бізбен болған әңгімеден кейін шұғыл отаға шақырту алып, тағы бір адамды өлімнен қайта қауыштыруға кетіп барады. Алла қадамын сәтті, қолын жеңіл қылғай!

**Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

БРИФИНГ



**Кене энцефалті – кене арқылы тарайтын, ми қабынуын және орталық жүйке қабынуын қатты зақымдайтын, жедел өтетін жұқпалы ауру. Кейде кене энцефалитін табиғи ошақты тайгалық энцефалит, көктемгі-жаздық энцефалит деп те атайды. Бұл індет негізінен тайга кенесі мекендейтін орман тоғайлы жерлерде, Қазақстанда Алатау, Қаратау, Күнгей Алатауы бөктеріндегі орманды аймақтарда кездеседі. Кеше БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Оразғали Аханов осылай деді.**

# Сақтансаң, сақтайды

Жалағаштағы бас санитардың сөзіне сүйенсек, ауру жоғары латентілікпен сипатталады, 25-30 пайызды құрайды. Ауырғаннан кейін орталық жүйке жүйесінде әлсіз салдану, бұлшық ет атрофиясы, дискинезия интелектің төмендеуі, кейде эпилепсия секілді органикалық өзгерістер байқалады екен.

– Кене энцефалиті – энцефалит қоздырғышы үшін табиғи ошаққа тән. Жұғу жолы трасмиссивті. Антропургиялық ошақтарының пайда болуы мүмкін. Кене энцефалиті вирусының тасымалдаушысы және негізгі резервуары иксод кенесі болып табылады. Қосымша резервуары кемірушілер және тағы да басқа сүт қоректілер. Оларға кеміргіштер (қоян, кірпі, бурундук, егіс тышқаны), құстар, жыртқыштар (қасқыр, т.б), үй жануарлары (сиыр, ешкі, қой) жатады, – дейді Оразғали Мәделханұлы.

Ол кене энцефалитімен ауыратын адам тасымалдаушысы ретінде қауіпсіз екенін айтады. Берілу жолдары негізінен иксод кенесі арқылы трансмиссивті: шаққанда, мыжығанда. Ошақтарда инфекцияланған кенелер 1-5-15-20 пайызға дейін. Вирус өмір бойы сақталатын көрінеді. Басқа жолдармен де жұғуы әбден мүмкін. Яғни шикі сүт пайдаланғанда лабораториялық жағдайда ауа, тамшы жолмен жұғуы мүмкін. Бұл кеселмен 20-40 жас аралығындағы ересектер жиі ауыратын көрінеді.

Мына қызықты қараңыз, біз бұл кеселді негізінен тасымалдаушы кене деп келсек, кенеге вирус ауру жануарлардың қанын сорғанда жұғады екен. Қан сорып тойынған кене 20-30 есеге үлкейеді. Вирус кененің денесіне жайылып, ұзақ сақталады, тіпті ұрпақтан-ұрпаққа дейін беріліп отыруы мүмкін. Сондықтан осындай кенелер жайлайтын жерлерде кене энцефалитінің тұрақты табиғи ошағы пайда болады.

Елді мекендерде ірі қара, қой, ешкі және ит кенеден жұққан кене энцефалитін таратады. Адамға орманды жерде жұмыс жасағанда, жеміс-жидек, саңырауқұлақ жинағанда, ағаш кесіп отын дайындағанда, кене шаққанда жұғады. Бұл ауру мамыр-шілде, кей жерлерде тамыз-қыркүйекте тарайды. Себебі осы мезгілдерде кенелер ұрықтанып, тез көбейеді де, олардың белсенділігі артады.

Вирустар кене организмінде көбейіп, шаққанда адамға жұғып, лимфоциттерде, бауыр және көк бауыр клеткаларында, тамырдың ішкі қабатында өсіп-өніп, миға жетеді және бас мидың жұмсақ қабатын зақымдайды. Инкубациялық кезеңі 1-3 күннен 25-30 күнге созылады екен. Орташа – 7-14 күн. Кене энцефалитінің клиникасында 2 синдромды қарастыруға болады. Біріншісі интоксикация синдром болса, келесісі түрлі деңгейде орналасқан жүйке-жүйесінің зақымдалу синдромы екен.

Ауданның бас санитары клиникалық түріне қарамастан ауру жедел басталып, жалпы интоксикация синдромымен өтетінін. Қалтырау, дене қызуының өте тез жоғарылауы 38-39 градус болып, бас ауруы, жүрек айнуы, құсу байқалады. Науқастың бет әлпетіне тән бет, мойын, кеуденің жоғарғы бөлігінің гиперемиясы байқалады екен. Көз коньюктивасы тамырының иньекциясы, кейде жас ағуы жақсы көрінеді. Науқастар апатиялы әлсіз, сұраққа баяу жауап береді, үрей мен қорқынышты сезеді, аурудың бастапқы кезеңінде тырысу синдромы байқалуы мүмкін. Ішкі ағзалары бойынша тахикардия және брадикардия, гипотония, жүрек тондарының әлсіреуі мүмкін.

Оразғали Мәделханұлы кез келген жағдайда қауіпсіздік талаптарын сақтау кеселдің алдын алудың негізгі һәм тиімді жолы екенін айтады. Сондай-ақ ол әсіресе қауіпсіздік ережелерін мал қорада жүргенде қатаң сақтау қажеттігін қаперге салады.

**Аружан МЫҢБАЙ,**
**Қорқыт ата атындағы**
**Қызылорда университетінің**
**3 курс студенті**

ЕҢБЕГІ ЕРЕН

# Антына адал абзал жан

**Қызылорда қаласының 17 жасар тұрғыны Дінмұхаммед өз үйінің ауласында жұмыс істеп жүріп абайсызда тоққа түседі. Тұла-бойы жансызданып, қимылсыз жатқан ұлын көрген анасы жанұшырып айналасынан көмек сұрайды. Өлім мен өмірдің арпалысы сәтінде алғаш болып сол көшенің бойында тұратын дәрігер жігіт жетеді.**

– Мен келгенде ол ес-түссіз жатыр екен. Күре тамыры арқылы жүрек соғысын тексердім. Жүрегі тоқтап қалған. Алайда менің міндетім – соңғы секундтарға дейін ажал аузындағы адамды аман алып қалуға әрекет жасау. Көз жасы көл болып жылап жүрген анасының да бар үміті менде. Алғашқы медициналық көмекті жүрегіне массаж жасаудан бастадым. Үйренген әдіспен бірнеше рет қайталадым. Бірақ ол да нәтиже бермеді. Сол кезде «Жедел жәрдем» де жетіп, іске кірісті. Өзім реаниматолог дәрігер болған соң жедел жәрдем тобының жұмысына жетекшілік жасадым. Әрбір секунд қымбат, әрбір қимылымыз аса маңызды. Сындарлы сәт басталды. Дефирбриллятор алдырдым. Фельдшер көк тамырдан катетер салды. Мейірбике адреналин екті. Тұмылдырық арқылы өкпесіне жасанды ауа беріп, жүрек тұсына жасалатын массажды да жалғастырып жатырмыз. Электротітіркентіргішті іске қосып, кеуде тұсына тоқ бердік. Сәлден соң алақаныма жүрек соғысы білінді. Бірақ өте баяу. Десе де, сөніп бара жатқан үміт сәулесі жылт етті. Жас ғұмыр қайта жалғасты. Сол кезде менің де жанарымнан жас ытқып кетті, – дейді облыстық көпбейінді ауруханасының дәрігер-реаниматологы Алмат Қаппарұлы.

«Жедел жәрдем» қызметкерлері жасөспірімді Қызылорда қалалық ауруханасына жеткізеді. Жансақтау бөліміне ауыр хәлде түскен Дінмұхаммед бес күн терең комада жатыпты. Алайда Алланың алқауымен, ақ желеңді абзал жандардың көмегімен және анасының тілегімен өзіне келіп, есін жияды. Екі аптадан соң толық сауығып, отбасына оралады.

– Жазым аяқ астынан екен. Оқиға орын алғанда үйде едім. «Мама» деген оқыс дауыстан жүгіріп шықсам, балам жерде жатыр. Денесінде жан жоқ. Ұлымнан айырылып қалдым деп ойладым. Жандәрменмен көршілеріме жүгірдім. «Жедел жәрдем» келгенге дейін көшеміздің бойында тұратын Алмат есімді азамат келіп алғашқы көмек көрсетті. Өзі дәрігер екен. Шұғыл жасалуы тиіс медициналық көмектің барлығын жасады. Баламның тоқтап қалған жүрегі қайта соққанда мен де өмірге қайта келгендей болдым.

Балам өліп-тірілді. Шүкір, алдымен Алла, екінші дәрігерлер ұлыма жаңа өмір сыйлады. Дәрігер Алмат Қаппарұлына және «Жедел жәрдем» қызметкерлеріне, емдеген барша мейірімді жандарға алғысымыз шексіз. Қазір Дінмұхаммедтің денсаулығы қалыпты. Сабағына барып жүр. Қызылорда педагогикалық колледжінің 2 курс студенті, – дейді Лаура Ахметова.

Расында, біз басымыз ауырып, балтырымыз сыздамаса дәрігердің еңбегі жайында жақ ашпаймыз ғой. Тіпті жай күндері сол ақ халат киген жандарға деген көзқарасымызды да қолдан қисайтып жүреміз. Ал науқастана қалсаң бірінші солардың көмегіне жүгінесің.

Алмат Қаппарұлы білімді, білікті, өз ісіне әбден машықтанған тәжірибелі кәсіби маман. Оны науқастанған жандардың жаудырған алғысы мен ұжымының құрметінен-ақ білуге болады.

Өз мамандығына адал Алмат қызмет барысында бұған дейін осындай бірнеше оқиғаны басынан өткізіпті. Бірақ мен оны өзінен емес, дәрігердің шарапатын көрген жандардан естідім. Әйтпесе, Алмат Қаппарұлына тоқ соққан бала жайында білмек болып хабарласқанымда «Аға, көңіліңізге рахмет! Жазбайақ қойыңыз. Ешқандай ерлік көрсеткенім жоқ, ол менің дәрігерлік міндетім ғой. Менің орнымда басқа дәрігер болса да солай жасар еді», – деп қысқа қайырды. Бірақ мен мазалап қоймадым. Бір оқиғаны тыңдаған соң, қарсылығына қарамай екіншісін де қолқалап айтқыздым.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Алмат Қаппарұлын ауыр науқас келе жатқанын айтып, облыстық аурухананың қабылдау бөліміне шұғыл шақыртады. Барады. Жүрек талмасымен жас қызды әкеліп тұр екен. Алайда дәрігерлер науқастың «Жедел жәрдем» көлігінде жатқанын айтады.

– Түкке түсінбей, жүгіріп далаға шықтым. Дәрідәрмектер шашылып, аппараттар жайрап қалған. Арнайы бригаданың ауруханаға жеткенше барын салып жанталаса жұмыс істегені көрініп тұр. Бірақ, науқастың жүрегі тоқтап қалған. Ішке кіргізбей тұрғаны да сол екен. Қыздың тамырын басып, жүрек соғысын тыңдадым. Тіршілік белгісі жоқ. Көз жанары жартылай ашық қалған. Сұлқ жатыр. Үміт сөнбеуі тиіс қой. Кеудесіне массаж жасадым. Сәлден соң жүрегінде білінер-білінбес жыбыр пайда болды. Дереу жансақтау бөліміне апарып, тиісті аппараттарды қостық. Жанталас қайта жалғасты. Бірнеше сағаттан соң науқас есін жиды. Өзіне келген соң коронарография жасалып, бітелген қан тамырларын ашты. Қазірде сол қыз дін аман, өмір сүріп жатыр, – дейді дәрігер.

Иә, Алмат Қаппарұлы өзі айтқандай, мамандығының шеңберінде жұмыс істеп, науқас жандарға көмек көрсетті. Дәрігерлік міндеті де сол. Алайда мейірімге шөлдеп тұрған қазіргі қоғамда адамдар бір-біріне өмір тұрмақ, көңіл сыйлай алмай жүр ғой. Сондықтан антына адал кейіпкеріміздің адами болмысына қандай мақтау айтсақ та жарасады, қандай құрмет көрсетсек те әбден лайық.

**Қуат АДИС**

ӘҢГІМЕ

**Қос жастықты қолтығы тола қысып, қалың көрпеде жамбастай жатқан Қарашал жұтынып қойып сөзін жалғады. “Бала күннен бірге өскен құрдасым едің, бір қалауымды бер. Жақсы аттың құнын менде білемін. Қашағанның төрт аяғына төрт қара тіктім” деді.**

# ҚАШАҒАН ҚАРА

Қарашал сөздің тоқетерін айтқанда үй іші тым-тырыс бола қалды. Енді елдің назары үй егесі Сағынайға ауды. Сағынай тумысынан сабырлы кісі болса да осы жолы сыр беріп қалды. Қимасын қолқалаған құрдасын жақтырмай, шекесі шибарқыттай тырысқанын айнала отырғандар анық байқады. Артық ауыз сөз айтпаса да, орнынан компандай қозғалақтап, тықыр басын сипалай берді. Біршама үнсіздіктен соң Қарашалға бұрылып:

– Қалауың болсын құрдас, төрт қаранды да алмаймын. Бірақ қояр шартым бар. Қашаған қара үйге қашып келетін болса, өзімде қалады. Қайтып сұрамайсың, – деді.

Мұны естіген Қарашалдың көзі жайнап кетті. Бұлай тез келісер деп ойламаса керек. Орнынан жеңіл көтеріліп құрдасын құшақтай алды.

– Мынау елдің алдында абыройымды түсірмей, айтқанымды бергеніңе рахмет. Уәде, уәде болсын. Қашағаннан айырылсам, қайтып сұрамаймын. Аяулы досымның қимасын қолқалағаным үшін ат, шапан айыбымды төлеймін. Жағдай қалай болса да, ат орнына әкелген төрт қара сенің қоранда қалсын!

Екі құрдас осылай мәмілеге келісті. Қашаған жүйрікті жетектеп Қарашал кетті. Қимай-қимай Сағынай қалды.

Қашаған қара ат біткеннің естісі еді. Сүліктей қара сұлу мүсінімен, желдей жүйріктігі қараған қазақты "пай" дегізбей тұрмайтын. Қашаған аталу себебі Сағынайдан басқаға сауырын сипатпайды. Әбден бір қолға үйренген жануар өзгеге ұстатпайтындығынан "Қашаған қара" атанған.

Қарашал да ат қадірін білмейтін адам емес. Сән салтанатымен ат мініп, аздап болса да сері атанып жүрген азамат. Елге атын шығарып "Қос торы" атанған жүйріктері де бар. Солай болса да, Қашағанды көргеннен есі кетіп, ат құмарлығы қозып ауырып жүрген. Бүгін сәті келіп қолына түсірді. Енді айырыла қоймас.

Қарашал Қашағанды қанша баптаса да аландауын бір қоймады. Аспанға шапшып арқырай кісінеп, кейде қос құлағын тіктеп иен далаға тесіле қарап тұрып қалады. Иесімен өрісін сағынған жануарды Қарашал да түсінеді. Бірақ атқұмар көңілі қимайды. Ел алдында айтылған уәделі сөз де мұның Қарашал атына сын еді. Осылай атпен арпалысып жүрген күндердің бірінде Қарашалдың үйіне қонақтар келді. Келгендерге аттарын көрсетіп бір мақтанып алу – Қарашалдың сүйікті істерінің бірі. Ат қораны айнала тұрғандардан секем алған Қашаған бар екпінімен ышқына секіріп, ағаш белдемеден ытқып өтті. Елдің бәрі "Ат қаштылап" шулап кетті. "Қап!" деп қалған Қарашал да "Енді бұл тіке үйіріне тартады, қос торымен қуындар" деп бұйырды. Бірақ жағдай бірден олар ойлағандай бола қоймады. Қашаған қара арқырай кісінеп, қораны айнала шауып жүріп алды. Құғыншылар қос торыны ерттеп мініп шыққанша алыстап кетпеді. Есті жануардың қылығынан секем алған Қарашалдың іші "қып" ете қалды. "Мынау мені ел алдында сынамақ па?" деген ой санасына сап етті. Қарашалдың күдікті көңілі алдамапты, Қашаған қара құғыншылар шыға зымырады. Жұрт ойлағандай еліне тіке тартпай көзкөрім қашықтықта қыстақты айнала шауып жүр. Қарашалдың мақтаулы қос торысын маңайлатар емес. Қыр басына шыққандар аламан бәйге көргендей тамашаға қарық болды да қалды. Биік қырды үш айналғанда тоқ қарын қос торы да сыр берді. Енді жете алмасын түсінген құғыншылар ат басын тартуға мәжбүр болды. Қашаған мұнымен де тынбады. Қарашалға қыр көрсеткендей жалғыз өзі қырды тағы бірнеше айналып, арқырай кісінеп батысты бетке алып тартып отырды. Жігіт болып атына кір келмеген Қарашал аттың соңынан тесіле ұзақ қарады. Қашаған көз ұшында жалғыз қара ноқат болып сары даланы сызып бара жатты.

***

Сағынай көктөбенің басына күнде бір шығып қайтады. Созақтың кең даласына айнала көз тігіп, әлдебір қарайған көрінсе, көңілі аландап қалады. Сағынайдың күткені – Қашаған қара жүйрігі. Қарашалдың атынан айырыла қоймайтын азамат екенін білсе де жылт еткен бір үміті жоқ емес. Қарай-қарай көзі талып үйіне қайтады. Бүгін болмаса, ертеңдері шаң беріп қалар деп өзін жұбатып қояды.

Осылай күндер өте берді. Арада жылға жуық уақыт өтіп, Сағынай да аттан күдерін үзген. Қашағанның орнына тағы бір жақсы тай байлап, қолы боста соны ермек етіп жүрді. Шоқтығы биік жануарым тайпалған жорға болады деп мақтап қояды.

Бірде Сағынай өзіне ұнай бастаған тайын көруге атқораға бұрылды. Қораға кірді де сілейіп тұрып қалды. Өз көзіне өзі сенер емес, "шынымен сол ма?" Сасқалақтап қорадан шығып қайта кірді. "иә, дәл өзі" деп күбірлеп қояды.

Тумысынан сабырлы Сағынайды мұнша таң қалдырған жағдай Қашаған қараның қайта оралуы еді. Төрт аяғын кезек суытып, атқорада алаңсыз тұрған Қашаған иесі келгенде мойнын да бұрмады. Жақындап барған Сағынайды жақтырмағандай келідей басын кекжите көтеріп, сырт айналып тұрды. Бұрынғыдай еркелеп тұмсығын иығына қоймады, қант бер деп қалтасын тістелемеді. Сағынай қай жағынан келсе де сырт айналып қашқақтай берді. Атын сағынып қалған Сағынайдың көңілі су сепкендей басылды. Есті жануар ғой, жат қолға жетектетіп жіберген иесіне әбден өкпелі екенін Сағынай жақсы түсінді. Амалсыз атының артқы жағынан келген Сағынай сауырынан сипай келіп, құлақ тұсын қасығанда барып Қашаған келідей басын иіп, тұмсығын мұның кеудесіне тықты. Қол тигізбей жиырылып тұрған денесі босап, жануардың көзінен мөлт-мөлт еткен қос тамшы жас ағып түсті. Мұны көрген Сағынайдың да көңілі босап кетті. Бірі-біріне бауыр басқан атпен адам осылай сағынысып табысты.

Сағынай енді атына барлай қарады. Іші тартылып, қамшыдай қатқан жануардың шүңірейген екі көзінен жол азабын тартқаны байқалады. Жанына жақындай келген торы тайға шатынай қарағанынан әлі де болса үй жығардай екпіні бардай көрінді. Еңкейіп шашасынан ұстап көріп еді, сорғалай аққан тердің сортаң ұлпасы қолына төгілді.

Сағынай Қашағанның қанша күн жол басқанын ойша есептей бастады. Сонау Арқаның даласынан Қаратауға дейін төтесінен салғанның өзінде айға жуық жүрген болуы мүмкін. Аттың қатты арығанынан солай топшылады. Жолда Бетпақтың шөл даласымен Шу өзенінің қос арнасын кешіп өту де өте қауіпті. Оған қоса сырт көзден сақтанып күндіз жасырынып, түнде жортып отырған болар. Өйткені Қарашалдай мықтыдан құтылған Қашаған қайта құрыққа түспеудің жолын іздейді. Есті жануар ғой, айға жуық жүрсе де елге аман жетуді ойлаған болар.

Сағынай атының мойнынан құшақтай тұрып "енді жат қолдың жетегінде жібермеспін" деп өзіне серт берді. Қашаған да мұның ойын түсінгендей, басын шұлғи оқыранып, алдыңғы аяғымен жерді тарпып-тарпып жіберді.

"Қайтқан малдың қайыры бар" дегендей, Қашағанның қайтуы Сағынайға құт болды. Ешкісіне дейін егіз туып, шаруасы дөңгеленіп жүре берді. Қашағанның арқасында аты шығып Сағынай мырза атанды. Қорасы малға толды. Есіктегі басы төрге жетті. Қашаған қара Қаратаудың күнгей, теріскей бетінде бәйге бермейтін айтулы жүйрікке айналды. Енді Сағынай бәйге таңдап, Қашағанды алдына тоғыз қара тіккен үлкен аламандарға ғана қосатын болды.

Осылай атының бабы мен бағы қатар шауып, айдарынан жел есіп жүргенде арада ондаған жылдар өте шықты. Жалғыз атты Сағынай еді, алдына үйірлеп жылқы айдаған бай болды. Қашағаннан аумайтын сүліктей қара құлындар Сағынайдың желісін толтырды. Атақ, абыройға әбден құныққан алған Сағынай, атын бәйгеден-бәйгеге салып, қартайған Қашағанға тыным бермеді. Арыны қатты Қашағандай арғымақты да ауыздықтай алатын "уақыт" деген күштің барын Сағынай естен шығарып алды.

Созақтың кең жазығында қарқұрым адам жиналған үлкен бір ас болып жатты. Ат айдаушының саңқылдаған дауысын естіген Сағынай да аламанға жиналған топқа беттеді. Дүбірлі топқа жақындағанда Қашаған тайсақтай берді. "Аламанға шаппаймын" дегендей, шатқаяқтай бұрылып қияс тартты. Аламанның алдында жайнандап шыға келетін жануар мінез көрсетіп, жүз қарадай жиналған дүбірлі топқа қосылмай қойды. Өмірі атының мұндай мінезін көрмеген Сағынай ішінен секем алып қалды. Дереу кіші баласын алдырып, Қашағанды ауыздықтап мінгізіп қойды. Әдетте бәйгені құр өзі шауып келе беретін Қашаған ауыздықталып, үстіне бала мінген соң амалсыз ат айдаушыға қосылып кете барды.

Аламан бәйгеге айдалған аттар қайтатын уақыт болып, елдің бәрі қыр басына жиналысты. Сағынайдың көңілі қатты аландаулы. Бәйгеден келер атаққа қызығып, қартайған Қашағанды аламанға зорлап қосып жібергеніне енді қатты өкініп тұр. "Жануар, қалай болар екен?" деп қояды ішінен. Қарашалдың құрығынан құтылып келгенде бетін зорға бері қаратып еді, енді мұнысын кешіре қояр ма екен...

"Алдыңғы аттар көрінді" деп шу етісті көпшілік. Ат келер тұсқа Сағынайда көз тікті. Қырағы көзі алыстан баран болып көрінген үш атты шалды. "Я, әруақ"" деп күбір еткен Сағынай Қашағанды күтіп алуға мәреге қарай ұмтылды.

Сайын даланың шаңын шығарған жүйріктер көз жетім тұсқа жақындай түсті. Топ жүйріктің алдыңғы легінде келе жатқан үш қараның қайсысы Қашаған екенін көрермен жұрт ажырата алмай дал болысты. Өйткені үш қара да бір-бірінен аумайтын ұқсас еді. Тіпті судың қос тамшысындай дерсің.

Мәреге жақын қалғанда Қашағанды қос қара қуып жетіп, қатарласа берді. Тіпті екуі де алға озып, Қашағанның танауына шаң иісі келе бастады. Өмірінде шаң қауып көрмеген Қашаған қанша барын салса да қос қараға жете алар емес. Өз шамасын білген есті жануар енді айлаға көшті. Құрықтай мойнын төмен салып жіберіп, қос құлағын жымита ұмтылып, қос қараның оң жақ қапталын ала шапты. Қашаған айғырдың айбарын сезген қос қара іркіліп қалды. Айғырдың қақпайына бағынып, оң жақ қапталдан ығысып артта қала берді. Үстіндегі шабандоз балдар қанша тебініп, қамшыласа да қос қара қайтып Қашағанның алдына шықпай қойды.

Бұл бәйге алдында келе жатқан үш қараның өзіндік сыры бар. Қашағанның қақпайына бағынған қос қара да Қашағаннан түскен құлындар еді. Елдің ажырата алмай қалғаны да содан. Қос қара да Қашағанның көшірмесі дерсің. Тай күніне дейін үйірде жүріп, Қашаған айғырдың шашау шығармайтын қатал тәрбиесіне үйренген жас қаралар әке тәртібін әлі де ұмыта қойған жоқ. Қашаған тірі тұрғанда оларды алға шығармайды. Әкеге тартып туған қос қара да тым есті жүйріктер еді.

Әне-міне дегенше алдыңғы аттар да мәреге жетіп келді. Әдеттегідей Қашаған қара бірінші өтті. Тек бұл жолы жеке дара келе алмады. Кәрі денесін сүйретіп, соңғы күшін сарп етіп, естілігімен амалдап әзер келді. Күншілік жерден шаптырған аламан бәйгеге күштеп салған, өзінен атақ, абыройды артық көрген иесіне деген өкпесі де бар. Өмірінде алдына қара салмай, бар жастық күш-жігерін иесіне арнаған Қашағанның бұл дүбірлі аламан соңғы шабысы еді.

Қиқулаған көпшіліктің алдынан абыроймен шауып өткен Қашаған Сағынай тұрған тұсқа келгенде кілт тоқтады. Тоқтады да тосын мінез көрсетіп, тулай жөнелді. Арқырай кісінеп аспанға шапшығанда үстіндегі Сағынайдың қарғадай баласын қалпақтай ұшырды. Артынан өңмеңдей ұмтылған иесіне бұрылып та қарамады. "Қош" дегендей, арқырай бір кісінеді де Қара тауды бетке алып тартып отырды. Сілейіп тұрып қалған Сағынай Қашағанның енді қайтып оралмасын жақсы түсінді. Түсінді де "Қош" деп күбір етті. Соңынан қумақ болған балдарын да тоқтатып тастады. Ұзақ жыл бірге жүріп, әбден сыралғы болған ат пен адамның қоштасуы осылай тым қысқа болды. Иә, тым қысқа әрі өкінішті.

Қашаған сол кеткеннен мол кетті. Қайтып оралмады. Не өзін, не өлігін көрдім, білдім деген жан болмады. Жалғаннан көңілі қалған жануар жалғыз жүргісі келді ме, болмаса жас күнінде атағын ғана малданған адамзаттың алдында қартайғанда қадірінің болмасын түсінді ме екең, кім білсін...

**Айдар ТЕМІРБЕКҰЛЫ**

# Сотқа сенім бәрінен маңызды

**Дана халқымыз «Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» дейді. Бұл қай кезде де билердің біліктілігі мен білімділігі халықтың жіті назарында болатынын көрсетеді. Жасыратыны жоқ, басқа мамандық иелері қателессе, түзетуге болар, ал сот аяғын шалыс баса қалса, жазықсыз жанға, бүтін бір отбасына қасірет әкелері айдан анық. Бұндай жағымсыз жайттың тұтас сот жүйесінің беделіне нұқсан келтірері де сөзсіз. Сондықтан басқа-басқа, судьяға қателесуге әсте болмайды. Халық төреліктен адалдықты, әділдікті, заңдылықты, біліктілікті көре білсе ғана сотқа деген сенімі артып, сот беделі нығаятыны анық. Осы тұрғыда қазір бұрынғыдай емес, сотқа, сот шешімдеріне халықтың сенімі арта түсті. Оның да өзіндік себебі бар. Өйткені осы салада соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізіліп, сот жүйесі заман үдерісіне сай дамыды.**

Шындығында дәл қазір Қазақстандағы сот жүйесінің ашықтығына еш күмән жоқ. Айыпталушыға сот шешімі немесе судьяның үкімі шыққанға дейін қарапайым халық мұның барлығын көріп отырады. Айыпталушы немесе куәгер қалай жауап беріп, одан кейін судья сот процесін қалай жүргізіп отыр, мұның барлығын қарап отыруға мүмкіндік бар. Сондықтан судьяның әділетсіз шешім шығарып, істі бұрмалауына еш негіз жоқ. Оның үстіне қазіргі уақытта сот залындағы процестердің барлығы аудио және видеотаспаларға жазылып алынады. Сот залы түгелдей интернет желісіне қосылғандықтан сот залына бармай-ақ бейнебақылау мен интернет арқылы сот процесіне қатысуға немесе тараптардың сауалына жауап беруге болады. Тіпті үйде, шетелде жүріп-ақ сот процесіне қатысуға мүмкіндік бар. Мұның барлығы керек. Бұл соттың айқындылығы мен ашықтығын шынайы түрде көрсетеді. Өйткені біз қоғам дамыған уақытта өркениет жетістігінен көшкері қалмауымыз қажет.

«Сот төрелігінің 7 түйіні» атты жаңа бағдарламалық құжат әзірленді. Бұл анығын айту керек, сотқа төрелік ететін мамандардың жүздеген ұсынысынан кейін барып Жоғарғы сотта қабылданған құжат десе де болады. Осы құжаттың негізінде соттың даму бағыты айқындалған. Ал «7 түйін», ол не десеңіз айтайын: «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Үлгілі сот», «Сапалы нәтиже», «Оңтайлы орта», «Мінсіз судья», «Сотсыз татуласу орталығы». Бұл – сот саласындағы соңғы жылдары жасалған өте жемісті және ауқымды реформа. Судьялар әр істі тиянақты қарайтын болды, олардың жауапкершілігі артты. Мұны халық та көріп, сезіне бастады. Осыдан кейін сот төрелігіне сенім күшейді.

Әрине бұрын сотқа шағым түсірген сәттен бастап, істің барлығы да қаралатын еді. Өз кезегінде судьяларды жұмысын ауырлатып, істі қарау ұзаққа созылып кететін. Ал қазір мұның барлығы оңтайланды. Бағдарламадағы «Сотсыз татуласу орталығының» басты мақсаты – араздасқан екіжақты мәмілеге әкелу, ортақ бітімге келтіру.

Сот жүйесінің көп сатылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдебінің жаңа кодексі қабылданды, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды, сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жаңа электрондық сервистер мен жобалар іске қосылды, сот жүйесінің материалдық базасы нығайтылды, өңірлерде фронт кеңселер ашылды. Бұл батыл қадамдар мен сан салалы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін бергені анық.

2019 жылы 3 ақпанда заңды күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы күшіне енді. Бұл Заңмен 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске меншік құқығын қорғауды күшейтуге, төрелікті дамытуға, сот жүктемесін оңтайландыруға және экономикалық қылмыстарды ізгілендіруге бағытталған түзетулер енгізілді. Заңнама негізінде жалпы түзетулердің бес тобын қарастырады. Осының ішіндегі түзетулердің екінші тобындағы заңнаманы халықаралық актілердің ережелеріне сәйкес одан әрі келтіру ұсынылатын «Төрелік туралы» Заңды қолдану практикасында бар проблемаларды шешуге бағытталған. Атап айтқанда, мемлекеттік органның не квазигоссектор субъектілерінің қатысуымен дауларды төрелік қарау кезінде шетелдік құқықты қолдану мүмкіндігі беріледі. Сондай-ақ заң төрелік шешімді орындаудан бас тартудың негізі төрелік құрамының заң талаптарына сәйкес келмеуі ғана емес, осы құрамның тараптардың келісіміне сәйкес келмеуі болып табылатыны туралы нормамен толықтырылады.

Қорыта айтқанда, осындай өзгерістердің нәтижесінде сот төрелігіне сенім күшейді. Халқымызда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағида бар. Мұның билік айтушы ешкімді алаламайтын адал, қара қылды қақ жарған әділ болуы керек дегенді білдіретіні белгілі. Сондықтан әділдікті ту еткен бүгінгі дана билеріміз дара жолда таразы басын тең ұстап, ел ықыласына, халық сеніміне ие болып келеді. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе!

**С.АМАНТАЕВ,**
**Жалағаш аудандық сотының судьясы**

## Сайлаушылар назарына!

**2022 жылғы 3 шілдеге тағайындалған Ақсу, Жаңаталап ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы бойынша учаскелік сайлау комиссияларының құрамы**

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 қаңтардағы кезектен тыс XXXVI сессиясының №36-2 шешімімен қалыптастырылған.

**№139 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы:** Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусінов көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің “№116 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. Телефоны: 8 (724 31) 22-0-25, эл почта: zhalsay139@mail.kz

**Сайлау комиссиясының құрамы:** Қанбаева Маржан Қырғызбайқызы – төраға, Этезова Сәуле Абдуллахқызы – төраға орынбасары, Елеусінов Айдос Мырзабекұлы – хатшы, комиссия мүшелері: Ержанова Мейрамкүл, Тоқпанбетова Күлдаш Ордабайқызы, Бектібаева Гүлнұр Бақытбекқызы, Алмақбаев Ерлан Жеңісбекұлы.

**№141 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы:** Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің “№119 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. Телефоны: 8 (724 31) 35-1-42, эл почта: zhalsay141@mail.kz

**Сайлау комиссиясының құрамы:** Әбжамилов Құрманғазы Жағыпарұлы – төраға, Тұрмаханова Жәмила Әбдіхалиққызы – төраға орынбасары, Әбілтаева Жазира Амантайқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Әптіхалова Гүлмира Жұмағалиқызы, Сарымбетова Майра Ақзамқызы.


## ХАБАРЛАНДЫРУ

«САУТС-ОЙЛ» ЖШС «Кеңлік кен орнын игеру жобасы» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

**Тыңдаулар 2022 жылғы 21 шілде сағат 15:00-де өтеді.**

**Өткізу орны:** Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би к-сі №12. Карантиндік жағдайларды ұзарту кезінде қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция форматында өтетін болады. Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет. **https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTVBaL0Z3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09**

**Конференция идентификаторы:** 528 066 4063 **Кіру коды:**1234

**Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы:** «САУТС-ОЙЛ» ЖШС, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Жаңа Шілік ауылы, Қажымұқан Мұнайтпасов к-сі №21, тел: 8-725-298-2115, **saken.yerdenov@south-oil.com**

**Жобаны әзірлеуші:** «Geoscience Consulting» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы №19 үй, блок Б, 7 этаж, 702 кеңсе, тел: 8 778 102 59 60, **geosciencec@gmail.com**

Ұсынылған жоба және қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ ұсынылатын қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін geosciencec@gmail.com электрондық поштасы және +7 778 102 59 60 телефоны арқылы сұратуға болады.

**Құжаттама https://ecoportal.kz** порталында орналастырылған.

**Ескертулер мен ұсыныстар https://ecoportal.kz/** сайтында қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «САУТС-ОЙЛ» сообщает о проведении общественных слушаний по «Проекту разработки месторождения Кенлык».

**Слушания состоятся:** 21 июля 2022 года в 15-00 часов.

**Место проведения:** Кызылординская область, Жалагашский район, поселка Жалагаш, улица Айтеке би №12. При продлении карантинных мер общественные слушания будут проходить в формате видеоконференцсвязи посредством платформы ZOOM. Для участия в общественных слушаниях необходимо перейти по ссылке: **https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTVBaL0Z3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09**

**Идентификатор конференции:** 528 066 4063, **Код доступа:**1234

**Инициатор намечаемой деятельности:** ТОО «САУТС-ОЙЛ», Туркестанская область, Отырарский район, село Жана Шилик, улица Кажымукана Мунайтпасова №21, тел. 8-725-298-2115, **saken.yerdenov@south-oil.com**

**Разработчик проекта:** ТОО «Geoscience Consulting», г.Нур-Султан, пр-т Кабанбай батыра, д.19, блок Б, 7 этаж, офис 702, тел: +7 778 102 59 60, **geosciencec@gmail.com**

Получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по электронной почте: **geosciencec@gmail.com**, и номеру телефона +7 778 102 59 60.

**Документация размещена на портале https://ecoportal.kz**

**Замечания и предложения принимаются** на сайте **https://ecoportal.kz/**

ЖАМАННАН ЖИРЕН

# Ғажабы оздыратын, азабы тоздыратын ғаламтор

**«Тәрбие – тал бесіктен» деп жатамыз. Тал бесіктен бойға тәрбиені сіңіру үшін баланың ата-анасы, өмір сүрген ортасы оны жастайынан жақсы қасиеттерге баулуы керек. Баулығанда жаңа технологияның жетегінде кетіп, ғаламтордың құлақ кесті құлы болудан бойын алшақтатып, ұлттық тәрбиенің құнарлы тұстарын оның санасына сіңіру керек.**

**Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

Ұлттық тәрбие баланың ой қуатының артуына, қазақы салт-дәстүрдің қадір-қасиетін терең зерделеп, өзінің ұлттық болмысының қалыптасуына игі әсер етеді. Қазір бесіктен белі шықпаған баланың қолына мазасызданса, смартфонды ұстата салу сәнге айналды. Ол телмірген телефоннан кейін сол перзентің ұлағатты тәрбие алып, ана тілдің уызына жарыған азамат боларына сенесің бе? Дүбәра ұрпақ, есеңгіретер әуен тыңдаған ессіз баланың сол телефоннан жан дүниесі, рухы уланып жатқанын зерделеп, азаптанып, мұңайып жатқан адам некен саяқ.

Иә, сананы сарсаңға салар сол ұялының елдің қиялына айналғалы бірталай уақыт өтті. «Алыс-алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» пайдалы тұсы да бар екенін ешкім жоққа шығармайды. Десе де оның виртуалды әлеміне кірсеңіз, одан шығу оңай дүние емес.

Менің көршім жұмыс жасамайды. Жасы 30-дан асқан әйел. Бір баласы бар. Ғаламторда ән айтатын топтар бар екен. Соған кіріп, әуестенгеніне 2 жылдың жүзі болған. Құлағында құлаққап, ол далаға шықса да, күні-түні, шай ішсе де, тіпті таң атқанша әлгі топта отырады. Олардың өздерінің отбасы бар. Бір-біріне сыйлық жасайды. Өздері сценарий құрып, жүргізуші болады. Әзімен-өзі әлек.

Оны бұл өмірде болып жатқан жаңалық қызықтырмайды. Тіпті жалғыз қызына да қарауды қойған. Бұл да бәзбір есірткі секілді сананы улағаны көрініп тұр. Ата-анасы жұмыс тауып беріп, бар десе сан сылтаумен олай-былай қашқақтаумен күн өткізіп жүр. Бұл ата-ана үшін де, қоғам үшін де, оның перзенті үшін де үлкен қасірет екені рас.

Адам қияли бос әлемде өмір сүрдім дегенше өзінді-өзің жоғалттым дей бер. Ол қыз бірте-бірте қатал болып, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасаудан безіп барады. Оны бүгін тоқтатпаса, ол бірдеңеге ұрынуы мүмкін. Әсіріп отырған үлбіреген қызына беріп отырған тәрбиесі ол бөлек мәселе. Қазір жасы тоғызға келген қызы түрлі үйірмеге қатысқысы келіп, құлшынып отырған көрінеді. Ал ғаламтордан өз отбасын тапқан анасы қыз тәрбиесіне немқұрайлы қарап, оны тәрбиелеудің орнына оның өнерге деген құштарлығын өз қызығына құрбан қылып отыр.

Осы ата-анасына шынында үлкен мәселе болып отыр. Иә, тепсе, темір үзетін жастағы аналарымыз осылай өзгерсе, яғни бұл қатты айтсам айып болмасын, азғындаса, келешегімізді қалай елестетеміз? Кінәні кімнен іздейміз? Әрине ғаламтордан. Ғаламторды өз қажетіне тиімді пайдалана алмай отырған жас ұрпақтың сауатсыздығынан көреміз-дағы.

Абай атамыз «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп сонау өз заманында айтып кеткен. Бұл тәмсіл осы заманның да қажетіне жарап, құнын жоғалтпай бізге жетіп отыр.

Жапония десе, біздің көз алдымызға жұрттан озық технологиямен қаруланған, жарты ғасыр алға кеткен алпауыт мемлекет елестейді. Бірақ қанша заманауи технологияны пайдаланып қана қоймай, өзінен өндіретін жапондар 21 жасқа толмаған адамға телефон ұстауға рұқсат бермейді екен. Азамат 21-ге толса ғана жеке құжатын көрсетіп, телефонға қол жеткізетін көрінеді.

Ең қызығы, бала-шаға беймезгіл уақытта ютубқа кіріп, қалағанын көре бермейді. Ғаламторға кіргеннің өзінде оның жасына лайық, көруге рұқсат етілген видеолар ғана ашылады екен.

Ал көшедегі көріністер адам сүйсінерлік. Қоғамдық көлік пен көшелерде әр жапонның қолында бір-бір кітап. Ең кереметі, қол сөмкесінде ең аз дегенде бір кітап жүреді екен.

Менің мұны біліп отырғаным, апамның қызы сол елде тұрып, өмір сүріп жатыр. Оның айтуынша, кофехана, асхана, аялдама, тіпті көлікте де жапондықтар кітабын ашып жіберіп, қаламымен бір нәрсені түртіп, оны бас кетермей оқып отырғанын көреді екен. Олар бейсауат, бейәдеп біздегі кейбір жастар секілді телефонды ұстап, оны шұқып беймаза күй кешпейді.

Мына қызыққа қараңыз, жапон халқы жылына 170-ке тарта кітап оқиды екен. Оларға бұл таңданатын жаңалық емес. Біз үшін, әрине бұл қызық.

Тілге деген құрмет өте жоғары. Оларға 6-сыныпқа дейін өзге тілді оқуға рұқсат берілмейді. Алдымен ана тілін санаға әбден сіңіріп, содан соң ғана шет тілін білуге жол ашылады екен.

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деп жатамыз ғой. Алайда жапондықтардың осы қасиеттерінен үлгі алып, оны қаперге алған дұрыс секілді. Сонда елді сүйсінтетін ұрпақ қалыптасып, оның тәлім-тәрбиесі өркендейді деп ойлаймын.

# Әскердегі әлімжеттік тыйылмай тұр

**Жаңадан әскери ант қабылдаған "сарыауыздарды" сақа сарбаздардың таяқпен "тәрбиелеуі" бұрыннан бар. Бірақ ол кезеңде оқыс жағдайлардың құрбаны болмаса, әскерге кеткендер үйіне аман-есен өз аяғымен оралатын. Тіпті әскери өмірді көрген бозбала психологиялық және физиологиялық тұрғыдан шыңдалып келетін. Отан қорғауға жарағанын өзі де мақтаныш көретін және оны әке-шешесі мен ауыл-аймағы да мақтан тұтатын. Ал қазір бәрі басқаша. Ер балалар әскерге барудан қашады. Әке-шешелері де балаларын әскерге жіберуге құлықты емес. Қорқады. Оның да өз себебі бар...**

**Қуат АХЕТОВ**

Отан қорғайтын ұландар әскерде сақа сарбаздардан жөнсіз таяқ жеп, шенділерден психологиялық қысым көрмеуі тиіс. Олар әскери өмірді жаңа бастаған жас сарбаз ретінде қамқорлық көруі керек. Әскердегі жабайы жүйемен жасалатын әлімжеттік сарбазды шыңдамайды, керісінше рухын сындырады. Ал рухы сынған сарбаз қорлыққа шыдамай әскерден қашып кетеді немесе сол жерде өз-өзіне қол жұмсайды. Тіпті кейбіреуі жанды жеріне қата тиген таяқтан тіл тартпай кетеді. Сайып келгенде, соғыс барысындағы сатқындық, опасыздықтың көбі өз қаруласынан жазықсыз зәбір көрген жауынгерлерден шығады.

Соңғы жылдары әскердегі жаға ұстататын жағдайлар әлеуметтік желілерде жиілеп кетті. Биылдың өзінде Қазақстан Қарулы күштерінің қатарында әскери борышын өтеп жатқан бірнеше сарбаз жұмбақ жағдайда мерт болған және бірнешеуі ақылесінен айырылған.

Жақында ғана тағы бір қайғылы жағдай елді елеңетікзді. Әскердегі бір сарбаз ауыр соққыдан ажал құшқан. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге үйінен аман-есен өз аяғымен аттанып кеткен ұландардың туған жеріне темір табытпен мәйітін әкелудің жиілеп бара жатқаны көңілге күдік ұялатады.

Мәселен, сәуір айында маңғыстаулық сарбаз әскерге кетіп, арада 10 күн өткенде қайтыс болған. Әскери бөлім сарбаздың қазасын "сапта тұрғанда есін жоғалтып құлап, миына қан құйылып кетті" деп түсіндірген. Сарбаздың туыстары оның өлімінен күдіктенетіндерін айтқан.

Олардың айтуынша, әскердегі балалары үйінен жиі ақша сұраған және олардың аударған ақшасы балаларына емес, басқа есеп шоттарға түсіп отырған. Мәйітханаға барғанда балаларының басынан, денесінен ауыр соққының іздерін көрген. Ал осы жағдайға қатысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі өкілдерінің: "ол әскерилер сап түсердің алдында тамақты шектен тыс ішіп-жеген" деп берген түсініктемесі күлкінді келтіреді.

Күлкі арсыз ғой. Әйтпесе күлетін жағдай ма бұл?! Ай мен күн аманда, бейбіт заманда әскердегі кісі қолынан өлген баласын жер қойнына тапсырып, кімге шағынарын білмей шарасыз күйде қан жұтып отырған ата-ананы көргенде жұлын-жүйкең солқылдап, жүрегің езіліп, соларға қосыла егілесің ғой.

Одан бөлек осы жақында ғана Маңғыстау облысында ҰҚК Шекара қызметіне қарасты әскери бөлімде әскери борышын өтеп жүрген түркістандық сарбаз "белдікке асылып өлгені" туралы қаралы хабар тарады. Алайда туыстары ұлдарының өз-өзіне қол жұмсағанына сенбейді. Олардың айтуынша, сарбаз айналасымен тез тіл табысатын көпшіл, ашықмінезді, рухты бала болған. Соңғы уақытта туыстарынан жиі ақша салуын өтінген. Өлер алдында хат қалдырған. Бірақ марқұмның туған ағасы хатты жазған ол емес екенін, інісінің жазуын жазбай танитынын айтады.

Осыдан отыз жыл бұрын ақын Иран-Ғайып он жетіге толып, азамат болып қалған жалғыз ұлынан айырылғанда:

«Отан үшін от кешіп,
Отқа түссе, мақұлмын.
Боқ басында кектесіп,
Ұлын алдың ақынның» деп қайғырып, қасірет жырын жазып еді. Рас қой, "елі үшін туып, елі үшін өлетін" ер жігіттің майдан даласында Отан үшін оққа ұшып, мерт болғаны әке-шешесіне де, жақындарына да жұбаныш. Ал ел іші тыныш, бейбіт заманда Отан қорғайтын ұланның әскерде жүріп өз қаруластарының таяғынан өлгенін қалай түсінуге, қалай түсіндіруге болады?

Бұл бір сөзбен айтқанда, әскерде мүлдем тәртіптің жоқ екенін көрсетеді. Әскердегі ауа жайылып кеткен әлімжеттікке қатаң тыйым салып, темірдей тәртіп орнамаса, осы жағдайға жауапты министрлікті сарбаздардың өлімі ғана емес, таяу жылдары Қазақстан Қарулы күштерінің әлсіреуіне алып келетіні ойландыруы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шұғыл тапсырмасымен әскердегі жиілеп кеткен адам өліміне қатысты арнайы комиссия құрылды. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы осындай келеңсіздіктердің себебін тергеп-тексеріп, анықтап, әскери қызметшілер арасындағы заңсыздықтарды жойып, келешекте әскердегі мұндай теріс іс-әркеттерді болдырмау керектігін құзырлы органдар мен жауапты тұлғаларға қатаң тапсырды. Ақырын күтейік.

**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ардагер журналист, әріптесім Бейбітбек Бүркітбайұлы салада түрлі тақырыпта қалам тербеп, оқырмандарға үлкен еңбектер ұсынды. Бейбітбектің өзге әріптестерімнен бір ерекшелігі – ол екеуміз Мәдениет елді мекенінде дүниеге келіп, балдәурен балалық шағымызды бірге өткіздік. Бір мектепте оқып, білім алдық. Бір жас үлкендігі болғанмен ауылдас, замандас ретінде әуелден қалыптасқан сыйластығымыз әлі күнге дейін жалғасып келеді. «Аз ғана сөйлеп, көп тыңдар азамат ердің баласы» деп ақын жырлағандай, оның бойындағы қалыптасқан ерекше қасиеті де сол, аз сөйлеп, көп тыңдайды. Әрбір іске байыппен қарап, байсалдылық танытады. Кез келген мәселеге байланысты ой-пікірін жеті рет өлшеп, бір кесіп барып айтатын әдеті бар. Сабырлықты жанына серік еткен жігіттің салмақты мінезіне, салихалы сөзіне риза боласың. Мәдениеттің киелі топырағында туып өсіп, білім алып, жаңа өмірге қанат қаққан екеуміз журналист мамандығын таңдадық. Жоғары оқу орнын бітірген соң тағдырымыз түйісіп, аудандық редакция мен баспаханада бірге қызмет еттік.**

# Қаламгер келбеті

Ұмытпасам, 1984 жылы Жаңадария совхозының №3 фермасындағы Аққолқа елді мекенінде мектеп интернатта тәрбиеші болып жүрген мені сол кездегі «Жаңадария» газетінің редакторы З.Салықбаев шақырып, газет жанындағы радиохабарын ұйымдастырушы етіп қызметке қабылдады. Сол жылы редактордың орынбасары Сағындық Баймаханов ағамыз зейнеткерлікке шығуына байланысты сол кісінің орнына Мырзамұрат Илиясов редактордың орынбасары, аудандық баспахананың директоры Тұрсынбай Тәшенов газеттің жауапты хатшысы қызметіне кірісіпті. Ал газет қызметкері Бейбітбек Бүркітбаев баспахана директоры болып тағайындалыпты. Сол кездегі газет қызметкерлері Мәлік Аяпов, Ахмет Тілеулиев, Ізбасар Мұстафаев, Бексейіт Шайланов, Жұмабек Әбжәмилов, фототілші Табысбек Ахметовтермен бірге жұмыс істеп, рухани ортаға келіп қосылғанымда қуандым. Сексенінші жылдардың екінші жартысында журналистер Еркін Әбілов, Миуа Байназарова, Бибайша Алпысбаева, корректорлар Елена Әбдіхалықова, Манат Иманәлиева, Айгүл Баекеевалармен бірге қызмет еттік. Ол кезде партияның тапсырмасымен талап та, тәртіп те күшті болатын. Журналистердің де жұмысқа құлшынысы, ықыласы ерекше еді.

Аудандық редакция мен баспахананың арасында тығыз байланыс орнады. Өйткені газет мақалалары баспаханада теру машинасымен теріліп, қолмен беттеліп, басылып шығады. Аудандағы өнеркәсіп орындарының бірі аудандық баспахана газет басып шығарумен бірге аудандық мекемелер мен совхоздың бланкаларын басып, өнім шығару, табыс табу жұмысымен айналысты. Баспаханада 3 теру машинасы (ленотип) тұрақты жұмыс істеп тұрды. Цехта қолмен әріп теріп, газет шығару оңайға соқпады. Ол кездегі уақытпен санаспай жұмыс істеген баспахана қызметкерлерінің еңбектері нағыз ерлікпен пара-пар. Газеттің уақытылы жарық көріп, оқырманға жетуіне баспагерлер де қомақты үлес қосты. Әсіресе әріп терушілер мен газет басушының жұмысы өте жауапты. Әріп терушілерге мақалаларды макетке сай бекіту, қателерді түзету, қосымша тапсырыс қағаздарын жасап дайындау жүктелсе, баспа машинисі газет пен тапсырыс бланкасын басып шығару және оларға қағаз қиып дайындау, теру мәшинесіне метал ерітіп құю секілді жұмыс түрін атқарды. Баспаханаға басшылыққа келген Б.Бүркітбаев жұмысшылардың жағдайына көңіл бөлді. Өзі қорғасын ерітіп, әріп теретін. Қызметкерлерге арнаулы киім-кешектер мен сүт, айран беріп тұруын қамтамасыз етті. Өнім өндіруді жоспардан артығымен орындады. Әріп теруші С.Тәжікенова «Құрмет белгісі» орденімен марапатталса, теру машинистері Қ.Ерғалиева аудандық Кеңестің депутаты болып сайланып, «Еңбек ардагері» медалін алды. Сондай ақ М.Баймаханова, Б.Ташкенбаевалар аудандық және поселкелік Кеңестің депутаты болып сайланды.

– 1984 жылы аудандық баспаханаға директор болып тағайындалғанымда, сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қ.Қазантаевтың қабылдауында болдым. Шүкір, мемлекет және қоғам қайраткерінің аманатына адалдық танытып, сенімін ақтап, қызметімді абыроймен атқардым, – дейді ардагер журналист.

Б.Бүркітбайұлы 1952 жылы 16 маусымда Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Ленин ауылдық Кеңесінде дүниеге келген. І.Қабылов атындағы №32 орта мектепті бітірген соң еңбек жолын жұмысшылықтан бастайды. Мұнан соң Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқып, журналист мамандығын алып шығады. 1971-1987 жылдары «Жаңадария» газетінде корректор, тілші, бөлім меңгерушісі, аудандық баспахана директоры қызметтерін атқарды. Ал 1987-2000 жылдары Қызылорда облыстық баспаханасының директоры, «Яксарт» және діни-танымдық «Шырағдан» газеттерінің бас редакторы, 2000-2019 жылдары республикалық «Құқықтық Қазақстан», «Алтын орда», «Қала мен дала», «Заң» және «Қазақстан заман» газетінің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі болды. Биыл «Алаңжар» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

1980 жылы басталған қаламгерлік жолында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақ журналистикасының қайраткері, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, «Ақпарат саласының үздігі», Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты атанды. Сондай ақ ол «ҚР Тәуелсіздігіне –20 жыл» медалімен және ҚР Жоғары сотының, ҚР Бас Прокуратурасының, ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің, Әділет министрінің, ҚР ақпарат және қоғамдық келісім министрінің және Қызылорда облысының «Құрмет» грамоталарымен марапатталған.

2015 жылы құрметті зейнет демалысына шыққан ол қазіргі уақытта республикалық «Құрыш ғұмыр» журналында бас редактор және Қызылорда қаласы мүгедектер қоғамының құрылтайшысы қоғамдық жұмысын атқарып келеді. Ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарған жұбайы, ардагер ұстаз Күләйша Көшербаева екеуі 1 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Балалары бүгінде жоғары оқу орнын бітіріп, әр салада қызмет етеді. Айта берсек, жетпістің белесіне жеткен Бейбітбектің шығармашылық қызметі, журналистік шеберлігі мен жетістіктері өз алдына бөлек әңгіме. Енді ойымды әріптеске арнауыммен қорытындылағым келіп отыр.

Ер азамат – Отанының тірегі,
Қайда жүрсе ел деп соққан жүрегі.
Туған жердің топырағынан нәр алып,
Туып-өскен Мәдениеттің түлегі.

Оқу еді өзіндегі бар арман,
Мектептен де негіз бар ғой қаланған.
Журналистік мамандықты таңдаған,
Жан дер едім жазу үшін жаралған.

**Серік БЕРТАЕВ,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,**
**ардагер журналист**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3138 Тапсырыс № 964

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ